

«АТА – АНА МІНДЕТІ - БАЛА ТӘРБИЕСІ» ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ КӨШПЕЛІ ЖИНАЛЫС ХАТТАМАСЫ

Қазалы аграрлы – техникалық колледжі

«21» мамыр, 2025 жыл

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

«Ата – ана міндеті – бала тәрбиесі» атты акция аясындағы көшпелі жиналыс

ТЫҢДАЛДЫ:

Аталған іс – шара – ұлт болашағының негізі саналатын ұрпақ тәрбиесін терең талқылаған тағылымды кездесулердің бірі болды. Жиналысқа аудандық кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия төрағасы **Ж. Алиев**, Қазалы ауданының прокуроры **Д. Әбіш**, Қазалы аудандық полиция бөлімінің міндетін атқарушы полиция подполковнигі **Ғ. Құрманалиев**, Қазалы қаласының әкімі **Қ. Орынбасаров**, Қазалы аудандық білім бөлімінің басшысы **Ә. Жөлекешов**, №16, №17, №95 мектеп мұғалімдері мен оқушылар, колледждің оқытушылары, ата – аналары мен студенттер қатысты.

«Ата – ана міндеті – бала тәрбиесі» ұстанымына сүйене отырып, жиын барысында отбасы институтының қоғамдағы маңызы, жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу және ата – аналардың рөлін арттыру мәселелері қаралды. «Ата – ана міндеті – бала тәрбиесі» деген терең мағынаға ие тақырып аясында сөз алған қатысушылар бала тәрбиесінде рухани құндылықтар мен ұлттық тәрбие сабақтастығының өзектілігіне тоқталды. Жасөспірімдер арасындағы теріс қылықтардың алдын алу, білім мен тәрбие үйлесімділігін қамтамасыз ету, ата – аналар мен білім ордасы арасындағы өзара ықпалдастықты күшейту – басты мәселе болды. Жиында қазіргі қоғамда орын алып жатқан өзекті мәселелер, соның ішінде отбасылық бақылаудың әлсіреуі, ата – ананың жауапкершілігінен жалтаруы және балалардың әлеуметтік желілерге тәуелділігі кеңінен қозғалды.

«Ата – ана міндеті – бала тәрбиесі» қағидаты аясында бұл түйткілдердің шешімі ретінде кешенді тәсілдер ұсынылып, барлық мүдделі тараптардың ортақ жауапкершілігі туралы нақты мысалдар келтірілді. Қатысушылар тарапынан баланың қауіпсіз, саналы, тәрбиелі ортада қалыптасуына ықпал ететін бірқатар ұсыныстар айтылды. Атап айтқанда, ата – аналарға арналған семинарлар ұйымдастыру, оқу орны мен құқық қорғау органдарының бірлескен жоспарларын әзірлеу, ақпараттық түсіндіру жұмыстарын күшейту қажеттігі баса айтылды.

Жиналыс барысында аталған акция аясында қабылданған шешімдер мен ұсыныстар бірауыздан қолдау тапты. Бала тәрбиесіне бей – жай қарамау – әр азаматтың борышы екені тағы аталып өтті. Қоғамда тәрбиелі, білімді ұрпақтың қалыптасуы – тек отбасының ғана емес, бүкіл мемлекеттің ортақ ісі, осыған сәйкес, қатысушылар болашақ буынға жарқын жол сілтеу мақсатында бірлесе жұмыс жасауға шақырды.

Жиналыс соңында Қазалы аудандық прокуратураның арнайы дайындаған бейнеролигі мен ҚР ПМ – нің бейнероликтері көрсетілді.

Жиналыс соңында ата – аналар тарапынан қойылған сауалдар тыңдалып, бала қауіпсіздігіне байланысты пайдалы ақпараттар беріліп, шешімдер қабылданды.

Жиналысты кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия төрағасы **Ж. Алиев** қорытындылап, ата – аналарға балаларды қатаң бақылауда ұстап, оқу орнымен үнемі байланыс жасап, балалардың бос уақытын тиімді пайдаланып, сабаққа қатысуларын, құқықбұзушылықтарға жол бермеуге, ата – ана тарапынан бақылауды күшейту керектігін ескертті.

ҚАУЛЫ:

1. Колледж бойынша топ кураторлары мен топ шеберлері ата-аналармен тығыз байланыста болып, топ студенттерінің жай – күйімен, сабаққа қатысуы мен тәртібін қадағалауды, күнделікті бақылау жасау жұмыстары күн тәртібінен түспей бақылауға алынсын.
2. Құқық бұзушылық, қылмыс, нашақорлық, зорлық – зомбылық, лудомания, суицид, жол қауіпсіздіктерінің алдын алуда топ кураторлары мен топ шеберлеріне студенттерге үнемі түсіндірме жұмыстары жүргізіліп отырсын.
3. Осы қаулының орындалуы мен бақылауды өзіме қалдырамын.

Колледж директорының міндетін атқарушы:

Ә. Тілеубайұлы

Хатшы:

Е. Баекеев